Компания басшылығы күтілетін ақша қаражатының кредиттік залалдарын бағалау резервін құрмайды, өйткені резерв сомасы елеулі емес және Компанияның қаржылық жағдайына әсер етпейді деп санайды.

Russell Bedford A+ Partners

11. ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, жалғасы

Қарыздардың баланстық құнының өзгеруі:

	Негізгі борыш	Сыйақы	Жиыны
01.01.2025 жылға	**9 700 000**	**177 728**	**9 877 728**
ақша қаражатымен өтеу	(2 900 000)	(1 565 346)	(4 465 346)
есептелген сыйақы және өзге де комиссиялар	-	1 536 839	1 536 839
31.12.2025 жылға *(аудиттелген)*	**6 800 000**	**149 221**	**6 949 221**
ақша қаражатымен өтеу	(1 500 000)	(640 000)	(2 140 000)
есептелген сыйақы және өзге де комиссиялар		607 490	607 490
30.06.2026 жылға *(аудиттелмеген)*	**5 300 000**	**116 711**	**5 416 711**

Облигациялар

2021 жылғы қарашада Компания алғаш рет Astana International Exchange (Астананың халықаралық биржасы) купондық қамтамасыз етілмеген облигацияларын шығарды. Шығарылған облигациялардың саны - 190 дана, орналастырылған облигациялардың саны - 184 дана, жалпы сомасы 18 400 000 мың теңге. Облигациялар шығарылымының нысаналы мақсаты - Компанияның борыштық міндеттемелерін (оның ішінде ЕҚДБ қарызы бойынша) қайта қаржыландыру мақсатында ақша қаражатын тарту. Облигациялардың жалғыз ұстаушысы Самұрық-Энерго АҚ болып табылады.

Бір облигацияның номиналдық құны - 100 000 мың теңге. Облигациялардың айналыс мерзімі - 6 жыл 6 ай, 2028 жылғы 26 мамырға дейін.

Облигациялар бойынша купон мөлшерлемесі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі плюс сыйақының купондық кезеңі үшін жылдық 2% маржа. Купон мөлшерлемесі жылына екі рет өтелуге тиіс.

Облигациялар тоқсан сайын сатып алынады.

Компания облигацияларды кері сатып алуды және міндеттемелерді өтеу кестесіне сәйкес купондық сыйақы төлеуді жүзеге асырады.

12. САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

а) Есепті күнгі жағдай бойынша саудалық және өзге де кредиторлық берешек былайша берілген:

Мың теңгемен	Еск.	30.06.2026ж *(аудиттелмеген)*	31.12.2025ж.
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек, оның ішінде			
Сатып алынған негізгі құралдар мен материалдық емес активтер		11 251	61 136
Сатып алынған тауарлар мен қызметтер		66 545	26 777
Өзге де кредиторлық берешек		3 299	2 417
		81 095	**90 330**
Байланысты тараптар	**21**	*33651*	-

5-26-беттердегі ескертпелер қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

Russell Bedford A+ Partners

13. ЖҰМЫСКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР

а) Жұмыскерлерге сыйақылар төмендегі кестеде берілген:

Мың теңгемен	30.06.2026ж *(аудиттелмеген)*	31.12.2025ж.
Жұмыскерлер алдындағы берешек	81 762	7
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері (демалысқа арналған резерв)	101 163	43 031
Міндетті төлемдер мен есептеулер	29 304	35 829
	212 229	**78 867**

б) Есепті күнге жұмыскерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері (демалысқа арналған резерв) төмендегі кестеде берілген:

мың теңгемен	Ескерт.	30.06.2026ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*	30.06.2025ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*
Басындағы сальдо		**43 031**	**52 046**
Есептелген	**15, 16**	58 132	55 837
Демалысқа арналған резерв есебінен есептен шығарылды		-	(53 781)
Соңындағы сальдо		**101 163**	**54 102**

14. ТҮСІМ

а) Түсім төмендегі кестеде берілген:

Мың теңгемен	Ескерт.	30.06.2026ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*	30.06.2025ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*
Электр энергиясын сату		2 814 549	3 416 080
Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі қызметтер		1 415 682	1 413 361
Электр энергиясының теріс теңгерімсіздігін іске асырудан түскен кіріс		87 786	12 673
		4 318 017	**4 842 114**
Байланысты тараптар	***21***	**4 318 017**	*4 829 441*

15. ӨЗІНДІК ҚҰН

а) Өзіндік құн төмендегі кестеде берілген:

Мың теңгемен	Ескерт.	30.06.2026ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*	30.06.2025ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*
Электр энергиясы және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі қызмет	**5**	(1 787 033)	(1 608 342)
Басқалары	**5**	-	(11 193)
		(1 787 033)	**(1 619 535)**

Russell Bedford A+ Partners

15. ӨЗІНДІК ҚҰН, жалғасы

а) Өзіндік құн төмендегі кестеде берілген:

Мың теңгемен	Ескерт.	30.06.2026ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*	30.06.2025ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*
Негізгі құралдардың амортизациясы	4	(655 938)	(652 580)
Жалақы		(649 084)	(630 970)
Өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер		(205 707)	(187 019)
Салықтар және міндетті төлемдер		(68 257)	(10 695)
Күзет қызметтері		(54 772)	(36 066)
Қорлар (отын және сатып алынған электр энергиясы; шығыс материалдары)		(113 751)	(58 972)
Жабдықтарға қызмет көрсету және диагностика		(1 040)	(25 884)
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері (демалысқа арналған резерв)	13	(17 977)	-
Сақтандыру		(14 753)	(13 101)
Іссапар шығыстары		(4 688)	(2 715)
Өзге де шығыстар		(1 066)	(1 533)
		(1 787 033)	**(1 619 535)**
Байланысты тараптар		*(173 153)*	*(211 674)*

16. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

а) Есепті күнгі әкімшілік шығыстар мынадай деректермен берілген:

Мың теңгемен	Ескерт.	30.06.2026ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*	30.06.2025ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*
Жалақы		(168 303)	(155 118)
Заңдық және өзге де кәсіби қызметтер		(52 261)	(31 254)
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері (демалысқа арналған резерв)	13	(40 155)	(55 837)
Салықтар және міндетті төлемдер		(12 994)	(1 539)
Негізгі құралдардың амортизациясы	4	(10 596)	(6 175)
Материалдық емес активтердің амортизациясы		(8 098)	-
Қорлар		(4 996)	(3 364)
Іссапар шығыстары		(5 914)	(1 351)
Күзет қызметтері		(3 141)	(2 544)
Байланыс қызметтері		(2 484)	(2 925)
Банктердің қызметтері		(1 576)	(1 095)
Директорлар кеңесінің мазмұны		(1 250)	(2 046)
Басқалары		(18 473)	(25 531)
		(330 241)	**(288 779)**
Байланысты тараптар	*21*	*(39 100)*	*(41 164)*

Russell Bedford A+ Partners

17. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

а) Есепті күнгі қаржылық кірістер мынадай деректермен берілген:

Мың теңгемен	Ескерт.	30.06.2026ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*	30.06.2025ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*
Депозитке және ағымдағы шотқа орналастырылған ақша қаражатынан сыйақы		1 519	15 604
Берілген қарыздар бойынша сыйақы	**8**	35	115
		1 554	**15 719**
Байланысты тараптар	***21***	*35*	*115*

18. ҚАРЖЫ ШЫҒЫСЫ

а) Есепті күнге қаржылық шығыстар мынадай деректермен берілген:

Мың теңгемен	Ескерт.	30.06.2026ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*	30.06.2025ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*
Облигациялар бойынша сыйақылар		(607 490)	(810 854)
Өзге де қаржылық шығыстар		(10 235)	(10 627)
		(617 725)	**(821 481)**
Байланысты тараптар	***21***	*(607 490)*	*(810 854)*

19. КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР), НЕТТО

а) Есепті күнгі нетто кірістер/(шығыстар) мынадай деректермен берілген:

Мың теңгемен	Ескерт.	30.06.2026ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*	30.06.2025ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*
Операциялық жалдаудан түскен кіріс		1 580	-
Үшінші тұлғалардан өсімпұлдар мен айыппұлдар бойынша кіріс		2 714	-
Өзге де кірістер, оның ішінде		-	408
Өзге кірістер жиыны		**4 294**	**408**
Операциялық жалдау бойынша шығыстар		(1 206)	-
Өзге де шығыстар		(179)	-
Өзге де шығыстар жиыны		**(1 385)**	
Өзге кірістер/(шығыстар) жиыны, нетто		**2 909**	**408**
Байланысты тараптар	***21***	*(124)*	*(163)*

Russell Bedford A+ Partners

20. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Корпоративтік табыс салығының қолданыстағы мөлшерлемесі 20%-ды құрайды.

а) Корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер мынадай деректермен берілген:

Мың теңгемен	30.06.2026ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*	30.06.2025ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	(259 256)	(425 690)
Кейінге қалдырылған салық бойынша үнемдеу/(шығыстар)	(203 421)	(379 036)
	(462 677)	**(804 726)**

Аралық кезең үшін Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар жыл ішіндегі күтілетін қызмет нәтижелеріне түзетумен алты айлық кезеңдегі Компания қызметінің нәтижелеріне негізделеді.

21. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР

Қаржылық есептілік мақсаттары үшін Компаниямен байланысты тараптар:

Компанияның атауы	Байланыстылық күні	Байланыстылық негізі
Самұрық - Энерго АҚ	2025 жылғы 06 наурызға дейін	Самұрық-Энерго АҚ-ның Компанияның АК-дағы үлесі - 100%
Qazaq Green Power PLC АҚ	2025 жылғы 07 наурыздан бастап	Qazaq Green Power PLC АҚ-ның Компанияның АК-дағы үлесі - 100%
Бас компанияның немесе «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның бақылауындағы ұйымдар		Жалпы бақылаудағы ұйымдар
Компанияның елеулі операциялары бар мемлекеттің бақылауындағы өзге де компаниялар		Жалпы бақылаудағы ұйымдар
Негізгі басқарушы персонал		Компания персоналы

Компанияның негізгі басқару персоналына сыйақылар

2026 жылғы 30 маусымда және 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңдегі негізгі басқару персоналына сыйақының жалпы сомасы пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте шығыстардың құрамына енгізілген жалақы бойынша шығыстардан, сыйлықақылардан тұрады және мынадай деректермен ұсынылған:

Мың теңгемен	30.06.2026ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*	30.06.2025ж. аяқталған 6 ай ішінде *(аудиттелмеген)*
Негізгі басқару персоналын сыйақы	43 447	85 510
Жиыны	**43 447**	**85 510**
Адам саны	4	4

Russell Bedford A+ Partners

21. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР, жалғасы

Келесі кесте ағымдағы күнгі жағдай бойынша байланысты тараптармен жасалған мәмілелердің жалпы сомасын көрсетеді:

2026 жылғы 30 маусымдағы шоттар сальдосы:

Мың теңгемен	Еск.	Самұрық-Энерго АҚ	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Мемлекет бақылауындағы өзге де компаниялар	Басқалар
Берілген аванстар	**7**	-	386	-	-
Берілген қарыздар	**8**	457 489	-	-	-
Өзге де саудалық кредиторлық берешек	**12**	15 852	17 799	755	-
Алынған қарыздар	**11**	5 416 711	-	-	-

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңдегі операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары

Мың теңгемен	Еск.	Самұрық-Энерго АҚ	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Мемлекет бақылауындағы өзге де компаниялар	Басқалар
Өзіндік құн		(13 076)	(160 077)	(104 149)	-
Жалпы және әкімшілік шығыстар	**16**	(27 218)	(11 882)	-	-
Қаржылық кірістер	**17**	35	-	-	-
Қаржылық шығыстар	**18**	(607 490)	-	-	-
Өзге де шығыстар	**19**	-	(124)	-	-

2025 жылғы 30 маусымдағы шоттар сальдосы:

Мың теңгемен	Самұрық-Энерго АҚ	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Мемлекет бақылауындағы өзге де компаниялар	Басқалар
Берілген аванстар	-	26 528	-	-
Саудалық және өзге де дебиторлық берешек	-	-	1 262 374	-
Берілген қарыздар	2 147 858	-	-	-
Өзге де саудалық кредиторлық берешек	-	11 681	369	-
Өзге де ағымдағы міндеттемелер	-	-	-	1 740
Алынған қарыздар	8 364 049	-	-	-

Russell Bedford A+ Partners

21. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР, жалғасы

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңдегі операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары

Мың теңгемен	Еск.	Самұрық-Энерго АҚ	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Мемлекет бақылауындағы өзге де компаниялар	Басқалар
Түсім	**14**	-	-	4 829 441	-
Өзіндік құн	**15**	-	(154 325)	(54 347)	-
Жалпы және әкімшілік шығыстар	**16**	-	(30 226)	-	-
Қаржылық кірістер	**17**	115	-	-	-
Қаржылық шығыстар	**18**	(810 854)	-	-	-
Өзге де шығыстар	**19**	-	(163)	-	-

Жарияланған және төленген дивидендтер туралы ақпарат 10-ескертпеде берілген.

22. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Компанияның қызметі оны бірқатар қаржылық тәуекелдерге: кредиттік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне, нарықтық тәуекелге ұшыратады. Компания деңгейіндегі тәуекелдерді басқару бағдарламасы қаржылық тәуекелдердің болжанбауына шоғырланған және оның қаржылық нәтижелеріне ықтимал теріс әсерді барынша қысқартуға бағытталған. Компания тәуекелдерді хеджирлеу үшін туынды қаржы құралдарын пайдаланбайды.

Санаттар мен деңгейлер бойынша қаржы құралдары

Компанияның негізгі қаржы құралдары ақшаны, ақша баламаларын, саудалық дебиторлық берешекті, қаржы активтерін (қарыздарды), саудалық кредиторлық берешекті, қаржылық міндеттемелерді (облигацияларды) қамтиды. Осы ескертпедегі ақпаратты ашу қаржы активтері мен міндеттемелеріне жатады.

Әділ құн мәжбүрлеп немесе таратып сату жағдайларын қоспағанда, нарықтық шарттарға сәйкес жақсы хабардар, қалайтын тараптар арасындағы ағымдағы операция шеңберінде қаржы құралын айырбастауға болатын құн ретінде айқындалады.
Әділ құн - бұл активті сату кезінде алынуы немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында ерікті негізде операция жүргізу кезінде міндеттемені беру кезінде төленуі мүмкін баға. Әділ құнды ең жақсы растау белсенді нарықтағы баға болып табылады. Белсенді нарық - бұл активпен немесе міндеттемемен операциялар тұрақты негізде бағалау туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін жеткілікті жиілікпен және жеткілікті көлемде жүргізілетін нарық.

Белсенді нарықта бағаланбайтын активтер үшін әділ құн бағалаудың тиісті әдістемелерін қолдану жолымен айқындалады. Мұндай әдістемелер коммерциялық негізде жасалған ең соңғы мәмілелердің бағаларын пайдалануды; ұқсас құралдардың ағымдағы нарықтық құнын пайдалануды; дисконтталған ақша ағындарын талдауды; бағалаудың басқа модельдерін қамтиды.

Қаржылық жағдай туралы есепте әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары әділ құн сатысында үш деңгей бойынша топтастырылған. Бұл үш деңгей маңызды ресурстардың бағалауға көрінуі негізінде айқындалады, атап айтқанда:

– 1-деңгей: ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтардағы баға белгілеу бағасы (реттелмеген);

– 2-деңгей: актив немесе міндеттемелер үшін тікелей немесе жанама бақыланатын 1-деңгейге енгізілген нарықтық баға белгілеуден басқа бастапқы деректер;

– 3-деңгей: актив немесе міндеттемелер үшін бақыланбайтын бастапқы деректер.

Russell Bedford A+ Partners

22. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ, жалғасы

30.06.2026 ж. *(аудиттелмеген)*	Ескерт.	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Жиыны
Саудалық және өзге де дебиторлық берешек	6	1 497 386	-	-	1 497 386
Ағымдағы қаржы активтері (қарыздар)	8	457 489	-	-	457 489
Ақша қаражаты және олардың баламалары	9	105	-	-	105
Қаржы активтері		**-**	**-**	**-**	**1 954 980**
Қаржылық міндеттемелер (облигациялар)	11	5 416 711	-	-	5 416 711
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	12	81 095	-	-	81 095
Қаржылық міндеттемелер		**-**	**-**	**5 497 806**	**5 497 806**

2025 жылғы 31 желтоқсан *(аудиттелді)*	Ескерт.	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Жиыны
Саудалық және өзге де дебиторлық берешек	6	879 575	-	-	879 575
Ағымдағы қаржы активтері (қарыздар)	8	620 832	-	-	620 832
Ақша қаражаты және олардың баламалары	9	2 121	-	-	2 121
Қаржы активтері		**-**	**-**	**-**	**1 502 528**
Қаржылық міндеттемелер (облигациялар)	11	6 949 221	-	-	6 949 221
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	12	90 330	-	-	90 330
Қаржылық міндеттемелер		**-**	**-**	**7 039 551**	**7 039 551**

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел - қаржылық құрал бойынша бір тарап екінші тарапқа қаржылық шығын келтіретін тәуекел, өйткені ол өз міндеттемесін орындай алмайды.

Есепті күнге Компанияның кредиттік тәуекелінің ең жоғары шамасы саудалық дебиторлық берешегінің және берілген қарыздардың баланстық құнына сәйкес келеді.

Саудалық дебиторлық берешек

«Электр энергетикасы туралы» заңға сәйкес электр энергиясын сатып алушылар электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекітетін тек қана мамандандырылған ұйымдар болып табылады:

- электр энергиясының жоспарлы көлемдері үшін - «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС (ұйым Қазақстан Республикасының бақылауындағы) тағайындалған электр энергиясын бірыңғай сатып алушы. Электр энергиясын сатуға арналған шарттың талаптары, оның ішінде баға белгілеу және ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттелген;
- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктер үшін - «Электр энергиясы мен қуаты нарығының қазақстандық операторы» АҚ (Қазақстан Республикасының бақылауындағы ұйым) тағайындаған теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы. Электр энергиясын сатуға арналған шарттың талаптары, оның ішінде баға белгілеу және ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттелген.

Электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметті жалғыз тұтынушы - «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС (ұйым Қазақстан Республикасының бақылауындағы) болып табылатын Бірыңғай сатып алушы. Бірыңғай сатып алушының төлем мерзімі бойынша міндеттемелері Электр қуаты нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларында регламенттелген.

Компания саудалық дебиторлық берешегіне байланысты кредиттік тәуекелді дебиторлық берешектің тұрақты мониторингі арқылы басқарады.

Компания кредиттік тәуекелді ең аз тәуекел ретінде бағалайды, өйткені негізгі дебиторлар мен олармен есеп айырысулар мемлекеттің бақылауында.

2026 жылғы 30 маусымға саудалық дебиторлық берешегі мерзімі өтпеген және құнсызданбаған (2025 жылғы 30 маусымға: мерзімі өтпеген және құнсызданбаған).

Russell Bedford A+ Partners

22. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ, жалғасы

Берілген қарыздар

Берілген қарыздар «Самұрық-Энерго» АҚ-ға жатады, мерзімі өтпеген және құнсызданбаған.

Ақша қаражаты және олардың баламалары

Банктердегі есеп айырысу және депозиттік шоттарда орналастырылатын қаражатқа қатысты кредиттік тәуекел осы қаражат орналастырылатын банктердің дефолт мүмкіндігімен байланысты. Компания басшылығы осы тәуекелді сенімді беделі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде қаражатты орналастыру арқылы және осы банктердің кредиттік рейтингін қадағалау арқылы басқарады.

Есепті жыл ішінде Компания қаражат орналастырған банктің рейтингі Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің BBB- (болжамы тұрақты) деңгейінен төмен емес диапазонда болды.

2026 жылғы 30 маусымға Компанияның банктердегі есеп айырысу және депозиттік шоттарында қаражаты жоқ.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі - бұл Компанияда олар бойынша есеп айырысулар ақша қаражатын немесе басқа қаржы активтерін беру жолымен жүзеге асырылатын қаржылық міндеттемелерді орындау бойынша қиындықтар туындайтын тәуекел.
Компания өтімділік тәуекелін бақылайды және оны қысқа мерзімді жоспарлау және болжанатын және нақты ақша ағындарының мониторингі, қаржы активтері мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін келісу, өтімділік деңгейіне қойылатын талаптардың мониторингі, сондай-ақ қызметті орта мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлау арқылы басқарады.

Төмендегі кестелерде Компанияның қаржылық міндеттемелерін өтеуге дейін қалған шарттық мерзімдер бойынша бөлу берілген. Сомалар дисконтталмаған ақша ағындарын білдіреді. Төленетін сома белгіленбеген жағдайда, ағын сомасы есепті күнге қолданыстағы шарттарға сүйене отырып айқындалады.

	Еск.	Баланстық құн	Шарт бойынша ақша қаражатының ағындары	30 күнге дейін	1 жылға дейін	2 жылдан 3 жылға дейін
30.06.2026 ж. (аудиттелмеген)						
Қаржылық міндеттемелер						
Қаржылық міндеттемелер (облигациялар)	**11**	5 416 711	5 416 711	-	3 016 711	2 400 000
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	**12**	81 095	81 095	81 095	-	-
		5 497 806	**5 497 806**	**81 095**	**3 016 711**	**2 400 000**
2025 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)						
Қаржылық міндеттемелер						
Қаржылық міндеттемелер (облигациялар)	**11**	6 949 221	6 949 221	-	3 049 221	3 900 000
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	**12**	90 330	90 330	90 330	-	-
		7 039 551	**7 039 551**	**90 330**	**3 049 221**	**3 900 000**

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел - бұл қаржы құралының әділ құны немесе ол бойынша ақша қаражатының болашақ ағындары нарықтық бағалардың өзгеруінен ауытқып отыратын тәуекел. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелді, пайыздық тәуекелді және баға тәуекелін қамтиды.
Компания пайыздық тәуекелге неғұрлым бейім.

Russell Bedford A+ Partners

22. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ, жалғасы

Пайыздық тәуекел

Пайыздық тәуекел - бұл қаржы құралының әділ құны немесе ол бойынша ақша қаражатының болашақ ағындары нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруінен ауытқитын тәуекел.

Компанияның пайыздық мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі шығарылған облигациялармен байланысты (11-ескертпе). Атап айтқанда, Компания Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің өзгеру тәуекеліне ұшырайды, өйткені оған облигациялар бойынша купон мөлшерлемесі негізделген.

Егер 2026 жылғы 30 маусымда облигациялар бойынша пайыздық мөлшерлеме басқа барлық өзгермелі сипаттамалар өзгеріссіз қалғанда 100 базистік тармаққа жоғары/төмен болар еді, 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңдегі пайда неғұрлым жоғары/төмен пайыздық шығыстардың нәтижесінде 53 000 мың теңгеге аз/артық болар еді.

Егер 2025 жылғы 30 маусымда облигациялар бойынша пайыздық мөлшерлеме басқа барлық өзгермелі сипаттамалар өзгеріссіз қалған жағдайда 100 базистік тармаққа жоғары/төмен болар еді, 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңдегі пайда неғұрлым жоғары/төмен пайыздық шығыстардың нәтижесінде 45 083 мың теңгеге аз/артық болар еді.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны валюталық бағамдардағы өзгерістерге байланысты ауытқитын тәуекел.

Компанияның шетел валютасымен операциялары және валюталық қаржы құралдары бойынша қалдықтары жоқ және валюталық тәуекелге ұшырамайды.

23. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕ

Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы мен практика үздіксіз даму процесінде және ретроспективті әсері болуы мүмкін әртүрлі интерпретациялар мен жиі өзгерістердің объектілері болып табылады. Бұдан басқа, салық органдарының салық мақсаттары үшін Компанияның жекелеген операцияларын түсіндіруі Компания басшылығының сол операцияларды түсіндіруімен сәйкес келмеуі мүмкін. Осының нәтижесінде мұндай операцияларға салық органдары дау айтуы мүмкін және Компанияға қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар қойылуы мүмкін. Салықтық тексерулер ретроспективті жүргізілуі мүмкін салық кезеңдері 3 жылды құрайды.

Шартты міндеттемелердің қаржылық есептілікке әсері

Қазіргі уақытта Компанияның шартты міндеттемелерінің түпкілікті нәтижесін анықтау мүмкін болмағандықтан, қаржылық есептілік осы белгісіздіктің нәтижесі болуы мүмкін қандай да бір түзетулерді қамтымайды. Мұндай түзетулер, егер олар бар болса, оларды көрсету қажеттілігі айқын болған және олардың сандық мәндерін бағалауға болатын кезеңде Компанияның қаржылық есептілігінде көрсетіледі.

Заң мәселелерінің шартты міндеттемелері

2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компания 2025 жылы бастамашылық жасалған, Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне елеулі әсер ететін қандай да бір сот талқылауына қатыспаған еді.

2019 жылғы 7 маусымдағы Инвестициялық келісім бойынша міндеттемелер

Инвестициялық келісім Компанияға 2020-2028 жылдар ішінде техникалық және экологиялық көрсеткіштер бойынша бірқатар нысаналы индикаторларды сақтау бойынша міндеттемелер жүктейді Басшылық осы қаржылық есептілікті бекіту күніне Компания Инвестициялық келісімнің жоғарыда көрсетілген талаптарын орындай алмайды деп пайымдауға негіз жоқ деп есептейді.

Russell Bedford A+ Partners

23. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, жалғасы

Облигацияларды орналастыруға байланысты міндеттемелер мен шектеулер (11-ескертпе)

Шарт талаптарының сақталуына жауапкершілік
Компанияның Облигацияларды сатып алу-сату шартының талаптарын және Terms & Conditions AIX ережелері мен шарттарын орындамауы (төлем мерзімдерін орындамауы және т.б.) кредиторға шартты біржақты тәртіппен бұзуға және шартты бұзу күніне негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын талап етуге құқық береді. Компания 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңнің қорытындылары бойынша Облигацияларды сатып алу-сату шартының талаптарын сақтайды.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері

Компания Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы әртүрлі заңдары мен нормативтік-құқықтық актілерін сақтауға тиіс. Бұрынғы тәжірибеге негізделген басшылықтың пікірінше, оны түсіну және қолданыстағы заңнаманы қолдану дұрыс болып табылады және Компания есепті күнге қолданыстағы міндеттемелерді жабу үшін қосымша резервтер құруды қажет етпейді.

Басшылық Компанияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдар мен ережелерді сақтайтынына сенімді болғанымен, сыртқы күтпеген міндеттемелердің жоқтығына сенім жоқ.

24. АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ БЕКІТУ

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін Компанияның аралық қысқартылған қаржылық есептілігін Компания басшылығы 2026 жылғы «12» тамызда шығаруға бекітті.

Р.К. Есхожин — Басқарма Төрағасы

Н.М. Рсымбетов — Бас бухгалтер